

Ата-аналар комитеті жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 1

№ 25 орта мектеп

Қожабақы ауылы
29 тамыз, 2022 жыл

Қатысқандар: 1-11 сыныптың сынып жетекшілері, Ата-аналар комитетінің мүшелері, Мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

№ 25 мектепте жаңа 2022-2023 оқу жылының басталуы, 5 күндік оқу аптасына сәйкестеп сабақ уақытын, сабақ кестесін бекіту

Тыңдалды:

Мектеп директоры: Т.Әбжәлел

Жаңа оқу жылының басталуы, сабақ кестесінің жасалуы мен каникул кезеңдерін айқындау, сабақ регламенті уақыттары барлық талаптарға сай жүргізілу керек деп есептеймін.

Мектеп директорының оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Қ.Қуандықов

2022-2023 оқу жылындағы сабақ кестесі, сабақ регламентін ата-аналарға таныстырды.

Мектеп бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы: Сәуле Айталы

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушысы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Оқушылардың сапалы біліммен қарулануы, мектеп жұмысымен тығыз байланысты. Сондықтан олардың толыққанды білім алуы үшін, бала құқығының қорғалуы, сабақ кестесінің дұрыс жасалуы және ұстаздардың сабақ беру біліктілігі мен әдістері оң әсер етпек. Мектеп басшысынан осыны басты назарда ұстауы тиіс. Сабақ регламенті де талапқа сай жасалынсын.

Ата-ана: Амиржаева Кулайша:

Қазіргі уақытта білім саласы бес күндік оқу аптасына көшкені, мектеп кабинеттерінің жетіспеушілігіне байланысты оқу процесі бізде екі мезгілде жүретіні белгілі. Жеті сабақ болатын күндер бар. Сабақтың уақытын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып әр ауысым аралығында сыныптардың, жалпы мектеп ғимаратының ішкі тазалығының жасалғаны орынды. Оқушылардың мектепке келуі мен қайтуы кезіндегі өмір қауіпсіздігін қатаң қадағалауымыз керек.

Ата-ана: Шуленбаева Пакизада:

Ата-ана ретінде мектеппен тығыз байланыстамыз. Басты бағытымыз білім алу яғни балаларымыздың мектептен жақсы білім алып шығуы. Сабақ кестесі дұрыс жасалып, мектепте ұстаз, үйде ата-ана болып бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарсақ қиындықтың бәрін жеңеміз деп ойлаймын.

Ата-аналар комитетінің қалған мүшелері де айтылған ой-пікірлерге қосылатындығы жөнінде өздерінің ойларын білдірді.

Ата-аналар комитетінің мүшелері қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңдары стандарттарын қатаң сақтай отырып, бала құқығын қорғауды назарға алып, 5 күндік оқу аптасының сабақ кестесін дұрыс жасау мектеп басшылығынан сұралсын.
2. Сабақ регламенті екі сабақтан кейін және 4 сабақтан кейін ІІ ауысымда да 15 минуттан үзіліс жасалынсын.

Мектеп директоры: 
Хатшы: 

Т.Әбжәлел
С.Айталы

